



Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің жарғысын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 581

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 наурыздағы
N 2154

К952154_

қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының
Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік банкінің беріліп
отырған Жарғысы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 сәуірдегі
N 581 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Медетші
банкінің жарғысы

Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі (бұдан әрі - Банк)
Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті құрған мемлекеттік банк болып
табылады.

2. Банк өз қызметінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы
банктер туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан

Республикасының мемлекеттік Медетші банкі туралы" 1995 жылғы 29 наурыздағы N 2154 K952154_ Қаулысын, Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкін құру туралы" 1995 жылғы 29 наурыздағы N 359 P950359_ қаулысын, халықаралық шарттар мен келісімдерді, басқа да заңдарды және нормативтік актілерді, осы Жарлықты басшылыққа алады.

3. Банк қызметінің мақсаты бірден-бір мемлекеттік кредитор ретіндегі банк құқының негізінде кәсіпорынды ортақ қаржы жүйесінен уақытша оқшаулау, қаржы-кредит көздерін шектеу және кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен санациялаудың кешенді жоспарының орындалуын бақылау жолымен оған қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарды қаржы жағынан сауықтыру әрі өндірісті тұрақтандыру болып табылады.

4. Банк заңды тұлға болып табылады, толық дербес шаруашылық негізде жұмыс істейді, оқшауланған мүлікті иеленеді, дербес балансы, Қазақстанның және басқа мемлекеттердің банк мекемелерінде корреспонденттік есепшоттары бар, өз атынан мәмілелер және басқа заң актілерін жасай алады, сотта, төрелік және аралық соттарда талап етуші әрі жауап беруші бола алады.

5. Мемлекеттік тіркеуден өтіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы берілген сәттен бастап төрт жылдан аспайтын мерзімге арналған банк операцияларын жүргізуге заңды тұлға құқын иеленеді. Банктің қызмет мерзімін ұзарту немесе оны мерзімінен бұрын жою туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Осы Жарғыдағы өзгерістер заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.

6. Банк Қазақстан Республикасының бірыңғай банк жүйесіне кіреді және өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің рұқсатымен және

банк Кеңесі шешімінің негізінде банк өзінің филиалдарын әрі өкілдіктерін құра алады.

8. Банктің толық ресми атауы:

қазақ тілінде:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі.

орыс тілінде:

государственный Реабилитационный банк Республики Казахстан.

ағылшын тілінде:

State Renabilitation Bank of the Republik of Kazakstan.

9. Банктің қазақ және орыс тілдеріндегі атауы мен

Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген дөңгелек

мөрі, мақсатты мөрі, штамптары, заңды тұлғалы және басқа фирмалық белгілері бар.

10. Банктің мекен-жайы: Алматы қаласы.

Банктің операциялары

11. Банк банктің операциялардың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік банкіне банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарға қайтарымдық, мерзімдік және ақылық шарттармен кредиттер беру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік банкіне банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарды иегерлердің немесе инвестиция қаражатын иеленушілердің тапсыруы бойынша қаржыландыру;

Банкке қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындардың несиелік есепшотын жүргізу және несиелік есепшоттарға қызмет көрсетуге байланысты есеп айырысуларды жүргізу ;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімімен банктерге депозиттер орналастыру;

заңда көзделген тәртіппен өзінің бағалы қағаздарын шығару;

төлем құжаттары мен өзге де бағалы қағаздарды сатып алу және сату, олармен басқа да операциялар жүргізу;

ақшалай нысанда орындауды көздейтін үшінші тұлғаға тапсырмалар, кепілдіктер және өзге міндеттемелер беру;

тауарлар беру мен қызметтер көрсету талаптарының құқын иелену, осындай талаптардың орындалу тәуекелін қабылдау және осы талаптарды (факторинг) инкассациялау;

банк операциялары бойынша брокерлік қызмет көрсету

(олардың тәуекел етуі бойынша Банкке банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындардың агенті ретінде әрекет ету);

кәсіпорындардың көрсетуі бойынша сенім операцияларын (қаржыны тарту және орналастыру, бағалы қағаздарды басқару және басқалары);

лизингтік операцияларды жүзеге асыру.

Осы тармақта көзделген операциялар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясына сәйкес қолданылып жүрген заңдарда

көзделген тәртіппен ұлттық, сонымен бірге шетел валютасымен жүргізілуі мүмкін.

12. Бағалы қағаздармен делдалдық операцияларды Банк осындай операцияларға Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының арнаулы лицензиясы болған кезде жүзеге асыруға құқылы.

Банктің құқығы

13. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Банк:

Банкке банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен санациялаудың кешенді жоспарын қарауға әрі құптауға және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға;

кәсіпорындарды қаржы жағынан сауықтыру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге әрі беруге;

Банкке берілген кәсіпорындарды немесе олардың бөлімшелерін жекешелендіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

акционерлік банктерден, басқа да қаржы институттары мен беруші кәсіпорындардан Медетші банкіне банктік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындардың талаптарын (борыштарын) кредиторлармен жеке келісіммен айқындалған шартпен сатып алуды, соның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздармен сатып алуды жүзеге асыруға;

Банкке банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарға уақытша қаржылай оқшаулау жолымен айналыс қаражатының қозғалысына қатаң бақылау бөлігінде кредитордың құқығын (олардың Банкіге орнын беруі жағдайында) жүзеге асыруға;

Банкке банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарға оларды қайта ұйымдастыру мен санациялаудың бекітілген кешенді жоспары шеңберінде кредит беру мен қаржыландыруды жүзеге асыруға;

Банкке банктік қызмет көрсетуге берілген кәсіпорындарды қаржы жағынан сауықтыруға бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануына тұрақты қаржы бақылауын жүзеге асыруға;

қолданылып жүрген заңдардың негізінде және орындалуы мақсатында олардың клиентуралары үшін міндетті ережелер шығаруға;

кредит берілген мемлекеттік кәсіпорыннан олардың қаржылық жай-күйін, сондай-ақ берілген кредиттің қамтамасыз етілуін растайтын бухгалтерлік есеп пен құжаттар алуға;

кредиттік шартпен көзделген міндеттеме бұзылған жағдайда кредитті одан әрі беруді тоқтатуға;

әзірленушілерден және Банктің өзінен қызмет көрсетілетін кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен санациялаудың кешенді жоспарына сараптама жүргізуді талап етуге;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне қайта ұйымдастыру мен санациялау кезеңінде қаржы тәртібін бұзған жағдайда кәсіпорын басшысын ауыстыру туралы ұсыныс енгізуге;

егер санациялау мен қайта ұйымдастыру кәсіпорынды қаржы-экономикалық тұрғыдан сауықтыра алмаған жағдайда, оны тарату жөнінде ұсыныс енгізуге құқылы.

Банктің мүлкі, жарғылық капитал, пайданы бөлу

14. Банктің меншікті қаражаты жарғылық капиталдан, резервтік және соған тиесілі өзге де арнаулы қорлардан тұрады.

15. Жарғылық, резервтік және өзге де арнаулы қорларды қалыптастырудың тәртібін Банк Кеңесі айқындайды.

16. Банк құрылған сәттегі жарғылық қор 1 00 000 000 (жүз миллион) теңге мөлшерінде қалыптасады.

Жарияланған жарғылық қорды заңда белгіленген тәртіп пен мерзімде Үкімет төлейді.

17. Банк өз қызметінде пайда алу мақсатын көздемейді.

Еңбекке ақы төлеу шығыны қолданылып жүрген заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджетке аударым жасау пайдаға салынатын салықтан жүргізіледі. Бюджетпен және басқа міндетті төлемдермен есеп айырысқаннан кейін қалған Банктің пайдасы Банк Кеңесінің шешімі бойынша бөлінеді.

Банк қызметкерлер арасында бөлу үшін, оның ішінде ақшалай көтермелеу түрінде бөлу үшін салықты төлегеннен кейінгі пайданың белгілі бір процентін бөле алады.

18. Банк қызметкерлеріне сыйлық беруді (Басқарма Төрағасынан басқасына) Банк Кеңесі бекіткен сыйлық беру туралы Ереженің негізінде Басқарма төрағасы жүзеге асырады. Басқарма Төрағасына сыйлық беру Банк Кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Банктің кредиттік ресурстары

19. Банктің кредиттік ресурстары:

меншікті қаражат (иелігіндегі негізгі қордың құнын шегеріп),

сондай-ақ пайдадан түзілген басқа да қорлар,

банктің есепшотындағы кәсіпорындар мен ұйымдар қаражатының қалдықтары,

Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін бюджеттің қаражаты мен кепілдіктері есебінен қалыптастырылады.

Соңғылардың жыл сайынғы ең көп сомасы Үкіметтің арнаулы шешімімен айқындалады.

Банкті басқару

20. Банктің басқару органдары:

басқарудың жоғары органы _ Банк Кеңесі;

атқарушы органы - Банк Басқармасы болып табылады.

21. Жалпы басшылықты Банк Кеңесі жүзеге асырады. Медетші банкі Кеңесінің құрамы 7 адамнан тұрады. Банк Кеңесінің құрамына: Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеттің, Өнеркәсіп және сауда министрлігінің, Ұлттық Банктің өкілдері, Медетші банкі Басқармасының төрағасы енеді.

Кеңестің жеке құрамы мен оның өкілеттілігінің мерзімін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.

22. Банк Кеңесінің функциясы:

Банк Басқармасының қызметін қадағалау, Банк Басқармасының ұсынысын жасау, Медетші банкі қызметінің жылдық нәтижесін, есептері мен қорытындыларын қарау және бекіту;

Банк Жарғысын өзгерту және толықтыру;

Банктің жарғылық қорының мөлшерін ұлғайту мен кеміту;

Үкіметке Банкті қайта ұйымдастыру туралы ұсыныс енгізу;

Банктің табысын бөлудің, сондай-ақ оның шығындарын жабудың тәртібін айқындау

;

тексеру комиссиясын және тәуелсіз сырттай аудиторды тағайындау әрі олардың қызмет саласын айқындау мен оған сыйақы белгілеу;

филиалдар мен өкілдіктер құру және тарату;

Банк қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мен материалдық ынталандырудың жүйесін айқындау болып табылады.

23. Банк Кеңесі қажеттілігіне қарай, бірақ 1995 жылы кемінде екі айда бір рет және онан кейінгі жылдары кемінде үш айда бір рет жиналады.

Банк Кеңесі өзінің қарауына енгізілген мәселені, егер мәжіліске Кеңес мүшелерінің кемінде елу проценті қатысса шешуге құқылы.

Кеңес шешімі көпшілік дауыспен қабылданады, дауыстың тең жағдайына Кеңес төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

24. Банк Басқармасы атқарушы орган болып табылады және Банктің жедел қызметіне басшылықты жүзеге асырады, оның нәтижесі үшін жауап береді.

Басқарманың жұмысына Басқарманың Төрағасы басшылық жасайды. Басқарманың Төрағасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Кеңесінің ұсынуымен бекітеді.

Банк Басқармасының жеке құрамы мен оның мүшелерінің өкілеттік мерзімін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Банк Басқармасы өзінің қызметін кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру мен санациялаудың кешенді жоспарын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті Медетші банкіне белгілеген міндеттер мен өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.

Үкіметтің немесе Банк Кеңесінің шешімін талап етпейтін Банк қызметінің барлық мәселелерін Банк Басқармасы жүргізеді.

25. Банк Басқармасы оның қарауына енгізілген мәселені, егер мәжіліске Басқарма мүшелерінің кемінде елу проценті қатысса, шешуге құқылы. Басқарма шешімі көпшілік дауыспен қабылданады, дауыстың тең жағдайында Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Басқарма қабылдаған шешімге келіспеген жағдайда Басқарма мүшелері өзінің пікірін Банк Кеңесіне хабарлай алады.

26. Банк Басқармасы қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде айына бір рет өткізіледі.

27. Басқарма Төрағасы өзінің өкілдігіне сәйкес қызметке басшылық жасайды. Банкке жүктелген міндеттің орындалуына тікелей жауап береді.

Басқарма Төрағасы:

Банк атынан сенімхатсыз іс-қимылды жасауды жүзеге асырады;

қолданылып жүрген заңға сәйкес Банктің мүлкі мен қаражатына билік жасайды, Қазақстан Республикасындағы, сондай-ақ одан тысқары жерлердегі барлық ұйымдарға Банк атынан барады, сенімхат береді, банк атынан келісімдер мен міндеттемелерге қол қоюдың тәртібін белгілейді;

Банк Басқармасының мүшесі емес Банк қызметкерлерін қабылдайды және босатады;

Банк Басқармасы мәжілісінің хаттамасын жүргізуді

ұйымдастырады;

Банк қызметінің мәселелері жөнінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

Төрағаның орынбасары мен Банк Басқармасы мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөледі.

28. Басқарма Төрағасы жоқ кезде немесе өзге бір себептермен өзіне жүктелген міндетті орындай алмайтын жағдайда Банкті басқаруды Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары мен басқа да орынбасарлар Банк басқармасы белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

29. Басқарма Төрағасының орынбасарлары Банктің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне жедел басшылық жасауды жүзеге асырады, Басқарма Төрағасының тапсырмасы бойынша оның жекелеген өкілеттігін атқарады.

Банктің есеп жүргізуі мен есеп беруі

30. Банктегі есеп жүргізу мен құжат айналымы Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің есеп жүргізуі мен есеп беру ережесіне сәйкес белгіленеді.

Қызмет қорытындысы ай сайынғы және жылдық баланста, пайда мен шығын туралы есепте, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне белгіленген тәртіппен табыс етілетін жылдық есепте көрініс табады.

Пайда мен шығын туралы жылдық балансты Тексеру комиссиясы тексергеннен кейін Банк Кеңесі бекітеді.

Банктің операциялық жылы 1 қаңтарда басталып, 31 желтоқсанда аяқталады.

Банк қызметін бақылау

31. Банк Кеңесі тағайындайтын Тексеру комиссиясы Банк қызметін бақылаушы орган болып табылады.

Тексеру комиссиясының мүшелері Банк Кеңесі немесе Банк Басқармасы мүшесінің міндетін бір мезгілде атқара алмайды.

Банк Кеңесі Тексеру комиссиясының құрамын 3 адамнан Банк қызметінің мерзіміне бекітеді.

Тексеру комиссиясы өз қызметін Банк Кеңесі бекіткен Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

32. Банк қызметін тексеруді осындай тексеруді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының заңдарымен өкілдік берілген тәуелсіз аудиторлық ұйымдар жүзеге асыруы мүмкін, онымен Банк басқармасының Төрағасы шарт жасайды.

33. Банк қызметін бақылауды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі, Қазақстан Республикасының және басқа бақылаушы органдары өздерінің құзыры шегінде жүзеге асырады.

Банк қызметін тоқтату

34. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі туралы" 1995 жылғы 29 наурыздағы N 2154 қаулысына сәйкес банк қызметін тоқтату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен жүзеге асырылады.

Банк қызметін мерзімінен бұрын тоқтату Үкіметтің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ұсынысы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен жүзеге асырылады.

Банктің қызметі сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

35. Банк операцияларын жүргізуге арналған лицензияны кері қайтарып алу туралы шешімді алған сәттен бастап Банкті жедел басқару жою комиссиясы тағайындағанға дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тағайындаған әкімшілікке беріледі.

Банкті жою қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

36. Банкті қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Банкті қайта ұйымдастырған кезде оның құқығы, міндеттері, мүлкі мен ақша қаражаты Банктің құқықтық мұрагеріне көшеді.

37. Банктің жойылғаны туралы хабарландыру баспасөзде жарияланады.

Банк Кеңесінің Төрағасы